

**Білім беру бағдарламасының паспорты 6В01507 Химия-Биология**

<b>Білім беру саласының коды мен жіктелуі</b>	6В01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі</b>	6В015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының коды мен атауы</b>	6В01507 Химия-Биология
<b>Білім беру бағдарламасының бірегейлігі</b>	<p>1. Химия-Биология бойынша білім беру процесін жүзеге асырудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгерген, жаңартылған білім беру бағдарламасын меңгерген жоғары білікті педагогикалық кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыру.</p> <p>2. ЖОО-ның оқу зертханалары базасында, ұжымдық пайдаланудағы ұлттық ғылыми зертханада білім алушылардың кәсіби және зерттеу құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндігі.</p> <p>3. Ақпараттық-инновациялық, IT- SMART-, STEM-технологияларды қолдана отырып аралас және қашықтықтан білім беру жағдайында химияны тереңдетіп оқыту мүмкіндігі.</p> <p>4. Жоғары кәсіби профессорлық-оқытушылар құрамы.</p> <p>5. Химия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор Е.А.Мәмбетқазиевтің ғылыми мектебінің болуы.</p> <p>6. Еңбек нарығында түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы.</p>
<b>Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы</b>	
<b>БББ мақсаты</b>	Бәсекеге қабілетті, өңір үшін сұранысқа ие, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілетті химия және биология мұғалімдерін дайындау.
<b>БББ міндеттері</b>	<p>1. Білім алушылардың тұлғалық дамуы, жалпы мәдениетін қалыптастыру, денсаулығын нығайту, қоғамдағы өмірге бейімделуі, кәсіптік өзін-өзі анықтауы және шығармашылық еңбегі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.</p> <p>2. Әлеуметтік тапсырысқа, еңбек нарығының талаптарына, білім берудің әлемдік және ұлттық стандарттарына сәйкес болашақ химия және биология мұғалімдерін сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету.</p> <p>3. Қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне барабар оқыту әдістері мен әдістемелерін пайдалана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастырудың кәсіби құзыреттілігін дамыту.</p> <p>4. Білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, мазмұнын, ұйымдастырушылық нысандарын, әдістері мен технологияларын жетілдіру.</p> <p>5. Білім беру кеңістігіндегі білім мен ғылымның интеграциясы.</p>
<b>БББ оқыту нәтижелері</b>	<p>Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін білім алушы <b>ҚАБІЛЕТТІ</b>:</p> <p>1. Экономика, кәсіпкерлік, мәдени мұра, академиялық жазу, тіршілік қауіпсіздігі, толеранттылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және</p>

	<p>заңдар мен адам құқықтарына, психологияға негізделген жеке құқықтардың бұзылуы мәселелерінде білімдерін көрсету.</p> <p>2. Оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін дәстүрлі және инклюзивті білім беру ортасын, заманауи педагогикалық технологияларды, критериалды бағалауды пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесін басқару.</p> <p>3. Заманауи технологиялардың жетістіктерін ескере отырып, химия және биология бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін АКТ мүмкіндіктерін қолдану.</p> <p>4. Білім берудегі жаңғыртуды ескере отырып, химия мен биологияны оқыту үшін физикалық, химиялық, физика-химиялық, биологиялық талдау әдістерін қолдана отырып, ерітінділерде, дисперстік, коллоидтық жүйелерде жүретін химиялық процестердің заңдылықтарын, химиялық және технологиялық процестерді қолдану.</p> <p>5. Заттар мен олардың қосылыстарының сапалық және сандық құрамын анықтау мақсатында химиялық және биологиялық талдау жүргізу.</p> <p>6. Дәстүрлі және аралас оқытуды ескере отырып, ботаника, зоология, жасуша биологиясы, цитология, гистология, анатомия және морфология, өсімдіктер, жануарлар мен микроорганизмдердің систематикасы, генетика заңдары, эволюциялық ілім, заманауи жаратылыстану тұжырымдамалары, тірі организмдердің таралуы туралы білімді пайдалана отырып, биология бойынша оқу процесін ұйымдастыру.</p> <p>7. IT - технологияларды, математикалық есептерді, химиялық және биологиялық зерттеулердің нәтижелерін статистикалық өңдеуді пайдалана отырып, әртүрлі күрделілік деңгейіндегі химия бойынша эксперименттік және сандық есептерді, оның ішінде стандартты емес есептерді шешуді оқып-үйрету алгоритмдерін дайындау.</p> <p>8. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін академиялық және ғылыми қоғамдастыққа одан әрі тарату мақсатында академиялық жазу бойынша білімдерін, ғылыми зерттеу әдістерін пайдалана отырып, химия мен биология саласында ғылыми зерттеулер жүргізу.</p> <p>9. Бейорганикалық және органикалық химияның заңдары мен заңдылықтарын, теориялық тұжырымдамаларын, химиялық өндіріс негіздерін қолдана отырып, химия сабақтары мен басқа да негізгі бейіндік пәндерді жобалау.</p> <p>10. Өзінің кәсіби дамуының нәтижелілігін басқару үшін заманауи педагогикалық технологиялар негізінде оқытудың белсенді әдістерін, электрондық ресурстарды пайдалана отырып, химия және биология сабақтарын өткізу әдістемелерін жетілдіру.</p> <p>11. Функционалдық жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру және кәсіби қызметте одан әрі пайдалану үшін қарапайым заттарға, бейорганикалық, органикалық және жоғары молекулалық қосылыстардың, биологиялық молекулалардың негізгі кластарына салыстырмалы сипаттама беру.</p>
<b>Түлектің біліктілік сипаттамасы</b>	
<b>Берілетін дәреже</b>	6B01507 Химия-Биология білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
<b>Лауазымдарының тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- химия және биология мұғалімі;</li> <li>- химия және биология оқытушысы;</li> <li>- зертханашы химик-биолог.</li> </ul>

<b>Кәсіби қызмет объектісі</b>	Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы барлық үлгідегі және түрдегі педагогикалық процесс.
--------------------------------	---